

Аңдатпа

Дипломдық жоба "Электржетегінің күштік қондырғыларын есептеу" тақырыбына арналған. Негізгі бөлімінде бұрғылау станогінің электр жетегінің жиілікті басқарылатын асинхронды қозғалтқышның жобасы жасалынды. Асинхронды қозғалтқыш таңдалды және есептеулер жүргізілді, механикалық сипаттамасы тұрғызылды. Берілген электр жетегі үшін виртуалды модель құрылды. Matlab бағдарламасындағы зерттелген виртуалды модель техникалық процестің талаптарын қанағаттандыратын сапалы өтпелі процесті көрсетті.

Өмір тіршілік қауіпсіздігі бойынша өндіріс орнынды пайда болатын шу және дірілді азайтуға жүргізілетін шаралар қарастырылды, бұрғыда орналасқан электр қондырғыларындағы қорғаныстық жерге қосу құрылғысына есептеулер жүргізіледі және бұрғылау станогы орналасқан орынның өрт жарылыс қауіпсіздігі бойынша класы анықталды.